

## Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 205 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1356 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1356 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.*

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 24-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1663 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 46, 545-күжат;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1663 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 қазандағы N 1091 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 33, 356-күжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 0

а қ п а н д а ғ ы

N

2 0 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (бұдан әрі - Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік құпиялар туралы ", " Мемлекеттік

қорғаныстық тапсырыс туралы ", " Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы " Заңдарына сәйкес әзірленді және мемлекеттік сатып алу процесі үшін құпиялылық режимін сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетінің кепілдіктерін қамтамасыз ету талап етілгенде қорғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібін белгілейді.

Осы Нұсқаулықтың әрекеті ұйымдастыру мен жүргізудің ерекше тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген кесімдерімен белгіленетін астықты, шитті мақта мен оны қайта өңдеу өнімдерін, оларды сақтау және тасымалдау, шитті мақта мен оны қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.23. N 802 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі ) қаулысымен .*

2. Осы Нұсқаулықтың 5-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді сатып алудың жабық конкурс тәсілімен және бір көзден мемлекеттік сатып алу осы Нұсқаулыққа сәйкес мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органның келісімінсіз жүзеге асырылады.

3. Осы Нұсқаулықтың қолданылу саласы әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау , жедел-іздістіру қызметі, "Қазақстан Республикасының Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-2-бабына сәйкес Мемлекет басшысының және өзге де қорғалатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қару-жарақты, әскери техниканы және олардың үлгілерін, оқ-дәрілерді, байланыс құралдары мен ақпараттандыруды құру немесе жаңғырту жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстар, жүзеге асыру кезінде мемлекеттік құпияларды қорғау талап етілетін мемлекеттің қорғаныс қабілеті, ұлттық қауіпсіздігі мен елдегі құқық тәртібі, саласында, сондай-ақ қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздік және құқық тәртібін қамтамасыз етуге арналған қару-жарақты, әскери техниканы және өнімді, бактериялық және медициналық қорғау құралдарын мемлекеттік сатып алу кезінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу болып табылады.

4. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік сатып алу туралы ", " Мемлекеттік құпиялар туралы ", " Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы " және " Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы " Заңдарында айқындалған ұғымдар мен терминдер пайдаланылады.

## **2. Жабық конкурс өткізу тәсілімен мемлекеттік сатып алу**

5. Жабық конкурс өткізу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) тауарлар, жұмыстар және қызметтер көрсету олардың күрделі немесе мамандандырылған сипатта болуы себебінен ықтимал өнім берушілердің конкурсты ұйымдастырушыға алдын ала мәлім шектеулі санында болғанда;

2) жүзеге асыру барысында мемлекеттік құпияларды қорғау талап етілетін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау, жедел-іздістіру қызметі саласындағы тауарлар, жұмыстар және қызметтер көрсету сатып алынғанда;

3) қару-жарак, әскери техника, бактериялық немесе медициналық қорғау құралдары, қару-жаракты, әскери техниканы және олардың үйлерін жасау немесе жаңғырту жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, қару-жаракты, әскери техниканы, оқ-дәрілер мен бактериялық немесе медициналық қорғау құралдарын өндіру, жеткізу, жөндеу, кәдеге жарату және жою жөніндегі қызметтер көрсету және қорғаныс қабілетін, ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті қорғауды, "Қазақстан Республикасының Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-2-бабына сәйкес Мемлекет басшысының және өзге де қорғалатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған өзге де өнімдер сатып алынғанда.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларына сәйкес сатып алуды жүзеге асырған кезде конкурсқа қатысу құқығына мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыс істеуге Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары белгіленген тәртіппен беретін рұқсаты бар ықтимал өнім берушілер ғана ие болады, бұл ретте конкурсқа қатысатын ықтимал өнім берушілердің тізбесі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісіледі.

6. Конкурс өткізу туралы хабарлама жіберілетін ықтимал өнім берушілердің тізімін тапсырыс берушінің басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

7. Осы Нұсқаулықтың 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) номенклатурасын, санын (көлемін) және тапсырысшылардың тізбесін ұзақ мерзімді кезеңге көзделген көрсеткіштер, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары ескеріле отырып жасалған тапсырысшылардың өтінімдері бойынша қару-жаракты және әскери техниканы дамыту бағдарламасының негізінде, осы мақсаттарға белгіленген шығыстардың шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын бекітеді.

**3. Өнім берушіні баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып таңдау тәсілімен мемлекеттік сатып алу**

8. Ықтимал өнім берушілерден баға ұсыныстарын сұрату жолымен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) құрылыс саласында тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды қоспағанда, тек Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызмет көрсететін ғимараттарды, құрылыстарды және объектілерді қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті сатып алынатын біртекті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтер көрсетудің жылдық көлемі құндық түрінде Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайды ;

2) мемлекеттік сатып алудың құндық түрінде тауарларды мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемін шектеместен, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, сыртқы барлау, әскери және қаржы полициясы органдарының, Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің, салық және кеден қызметтерінің , төтенше жағдайлардың зардаптарын жою қызметтерінің тікелей шекара аймағында және қиын-қыстау алыс аудандарда орналастырылатын бөлімшелері үшін тез бүлінетін азық-түлік тауарлары, сондай-ақ тамақтандыруды ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсету сатып алғанда.

9. Осы Нұсқаулықтың 8-тармағына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтер көрсетудің номенклатурасын, санын (көлемін) тапсырысшылар (бөлімшелер) тиісті жоғары тұрған мемлекеттік органдармен келісім бойынша бекітеді.

10. Тапсырысшы сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге баға ұсыныстарын кемінде екі өзара аффилиирленбеген ықтимал өнім берушіден жазбаша түрде сұратып алуы тиіс. Мұндай сұрау салу мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтер көрсетудің атауы мен көлемін ;

тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді ұсынудың орнын, мерзімін және шарттарын ;

баға ұсыныстарын табыс етудің орны мен мерзімін.

Әрбір ықтимал өнім беруші өзгертуге жатпайтын бір ғана баға ұсынысын табыс етеді .

11. Тапсырысшы ең төмен баға ұсынысын табыс еткен ықтимал өнім берушіден тиісті сападағы тауарды, жұмысты және қызметтер көрсетуді сатып алады.

#### **4. Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу**

12. Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Заңның 21-бабының 1-тармағында белгіленген, сондай-ақ мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қауіп-қатерлерді, ұлттық мүдделерге қол сұғушылықты бейтараптандыру, шұғыл және төтенше зардаптарды жою, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері мен құралдарын жұмылдыру, ұлттық мүдделерге қол сұғушылыққа байланысты зардаптарды оқшаулау және жою қажет болғанда;

2) осы Нұсқаулықтың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыс істеуге тек бір ықтимал өнім берушінің рұқсаты болғанда;

3) өнім берушіні баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып таңдау тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде тек бір ғана ықтимал өнім беруші баға ұсынысын табыс еткенде;

4) қорғаныс өнеркәсібі кешенінің ұйымдары орындау мерзімі 45 күннен аспайтын мерзімді келісім-шарттарды мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау шеңберінде орындағанда;

5) құрылыс саласындағы тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды қоспағанда, Мемлекет басшысын және өзге де қорғалатын тұлғаларды қорғауды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік резиденцияларды ұстау және олардың жұмыс істеуі, ресми іс-шараларды және өзге де протоколдық іс-шараларды өткізуге қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді сатып алғанда;

6) Қазақстан Республикасының Президенті заңнамада белгіленген тәртіппен бекіткен Қазақстан Республикасының Жұмылдыру жоспарымен айқындалған өнім берушілерден мемлекеттік және жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуді сатып алғанда.

## **5. Қорытынды ережелер**

13. Осы Нұсқаулыққа сәйкес сатып алуды жүзеге асырудың заңдылығына жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстарды ұйымдастырушылардың және тапсырысшылардың бірінші басшыларына (және олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына) жүктеледі.

14. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген жағдайларда тапсырысшылар, мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты ұйымдастырушылар және конкурстық комиссиялардың мүшелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын басшылыққа алады.

15. Қорғаныс қажеттілігін, құқықтық тәртіпті және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тауарлар, жұмыстар, қызметтер көрсету халықаралық қаржы институттары (Дүниежүзілік Банк, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі,

Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі) беретін қарыздардың қаражаты есебінен сатып алынатын жағдайларда, егер бұл қарыз берудің міндетті шарты болып табылса, сатып алу кредит берушінің рәсімдері бойынша жүргізіледі. Бұл ретте осы норманы қолдану үшін мемлекеттік сатып алу процесін құқықтық реттеудің мынадай қағидаттарына сәйкес келуі міндетті шарт болуы тиіс:

- 1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2) барлық ықтимал өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 3) ықтимал өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- 4) мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы.

Бұл тармақ қарыздар туралы келісімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілуге жататын жағдайларда қолданылмайды.